

«Бекітемін»

Мектеп директоры ~~Н.Ш.Касымбекова~~

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2022-2023 оқу жылы мектептегі «Зорлық –зомбылықтың
алдын –алу» жөніндегі іс –шаралар жоспары**

р/с	Атқарылатын жұмыстар	Мерізімі	Жауаптылар
1.	Мектепте «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын-алу» іс-шаралар жоспарын құрып бекіту.	05.09.2022ж	ДТІЖО: Турлыбеков Б Тәлімгер:Түймекул Ә Психолог: Еспулганова Ф
2.	«Мектептегі зорлық- зомбылықтың алдын алу » тренинг сабақ	26.09.2022ж	Психолог: Еспулганова Ф
3.	«Жасөспірімдер арасында зорлық зомбылықтың, қатыгездіктің алдын алу шаралары» туралы ата- аналармен жиналыс өткізу.	10.10.2022ж	ДТІЖО: Турлыбеков Б Тәлімгер:Түймекул Ә Ұйымдастырушы педагог: Төлегенұлы Е Сынып жетекшілер
4.	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» дөңгелек үстел өткізу.	14.11.2022ж	Тәлімгер: Түймекул Ә Ұйымдастырушы педагог: Төлегенұлы Е
5.	«Біз зорлық- зомбылыққа қарсымыз!» сурет көрмесін өткізу.	09.01.2023ж	Еңбек пән мұғалімдері: Назарова А Дүйсебаев Қ
6.	«Қоғамда зорлық-зомбылыққа жол жоқ» пікір сайыс өткізу	13.02.2023ж	Тәлімгер: Түймекул Ә Ұйымдастырушы педагог: Төлегенұлы Е
7.	«Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» сауалнама алу	13.03.2023ж	Психолог: Еспулганова Ф
8.	«Отбасындағы зорлық –зомбылыққа жол жоқ!» тренинг өткізу.	17.04.2023ж	Психолог: Еспулганова Ф
9.	«Зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	15.05.2023ж	ДТІЖО: Турлыбеков Б Тәлімгер:Түймекул Ә Психолог: Еспулганова Ф

ДТІЖО :  Турлыбеков Б.С

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

2022-2023 оқу жылы

«Зорлық -зомбылықтың алдын алу» туралы жылдық

Е С Е Б І

2022-2023 оқу жылында қыркүйек айында оқушылар мен қызметкерлердің құқығын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында зорлық-зомбылық фактілерімен күресу мақсатында мектептің кіре беріс дәлізінде «Сенім жәшігі» орнатылған болатын. Білім алушыларға сенім жәшігінің қызметі туралы «Сенім телефоны. Көмекті қалай сұрау керек?» атты жадынамалары таратылды.

5-11 сыныптар арасында «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренинг барысында балалар арасында кездесетін кикілжің туралы жағдаяттық тапсырмаларды орындады. «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың , қатыгездіктің алдын алу шаралыры» атты тақырыпта ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектепте бала құқын қорғау, зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар өз дәрежесінде өткізіліп келеді. Мектепте 9-11 сынып оқушыларынан «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» дөңгелек үстелі өткізілді. Жоспардың негізгі мақсаты- балалар құқығын қорғау, зорлық-зомбылық мәселесіне көңіл аудару, қатігездікке жол бермеу, балалық шақтың бақытты болуына көңіл бөлу. Мейірімді, ізетті ұрпақ тәрбиелеу. Жоспарға сәйкес іс-шаралардың барлығы өз уақытында орындалды. Іс-шара барысында «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» сурет көрмесі, пікір сайыстар, тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді, сауалнамалар алынды.

«Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тренинг өткізіліп, түсіндірме жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілді.

ДТІЖО:  Б.Турлыбеков